

"Абысын асы"

Қазақ халқында "Мейірімділікті анадан үйрен,әдептілікті данадан үйрен"- деген аталы сөз бар.Қандай да бір тәрбиені қазақтың салтымен дәстүрінен үйренуге болады.Себебі қазақ халқының салт-дәстүрі тұнып тұрған тәрбиенің қайнар көзі.

Қазір әлеуметтік желінің бетін ашып қалсақ,кұлап-сүрініп "Цветная вечеринка"кешін жасап жатқан ортаны көресіз.Қош делік!Әрине,әркімнің өз шаруасы шығар,бір-бір табаққа түрлі затты салып алып,қиқандай билеп жүрген жасты да ,кәріні де көресіз.Сырт қарасаңыз,көзге оғаш көрінері рас...Неге біз осы батыстан келген арзан дүниелерге әуеспіз?Сол бір отырыстардың мағынасы не?Тағылымы қандай?Тәрбиесінің астарында не жатыр?Әрине,бұл үрдістің астарында қандай сорақылық тұрғанын біз сияқты сорлылар қайдан білеміз? КЕШЕ ғана шет ел өз баласын,жақынын ит қылып киіндіріп,көшесінде жетектеп жүр. СОЛАР АДАМДЫ ИТ ҚЫЛА БАСТАҒАНДА,БІЗДІҢ БАЛАЛАРЫМЫЗ ДҮКЕНДЕРДЕН ИТТІҢ ТАБАНЫН ІЗДЕП КЕТТІ? МІНЕ,ШЕТ ЖЕРДЕН КЕЛГЕН әлеуметтік желідегі вирустар ? БІЗДЕР БҮГІНГІ ІС -ӘРЕКЕТІМІЗГЕ АСТЫРТЫН ҚАРАР БОЛСАҚ, КҮНІ ЕРТЕҢ БОЛАШАҚТАН НЕ КҮТЕ АЛАМЫЗ?Әйтпесе,ғажап қазақтың асыл мұра,өшпес қазынасы салт пен дәстүрі қандай ғажап!Пах,шіркін! СОЛ дәстүрді біздер неге жаңғырта,жарнамаламасқа?Шет елден келген келімсек трендті тез арада қағып алып,қайталауға құмармыз.НЕГЕ біздер,қазақ тарихының астарында қатпарлана жатқан не бір тағылымы мол,тәрбиесі бөлек,өзге емес "өзіміздікі"дейтін дүниені жарияламасқа?

БІЗ БҮГІН,"Цветная вечеринканы" тоқтату үшін,қазақ дәстүрін өз тарихымыздан,жүрегімізден жоғалтпауы үшін,көпке үлгі болу үшін,"Мен қазақпын!" -дейтіндер үшін "Абысын асы" деп аталатын салтты жасадық.

Ал сіз? "АБЫСЫН АСЫ" ДЕП АТАЛАТЫН САЛТТЫ БІЛЕСІЗ БЕ? БІЛСЕҢІЗ,ОЙЫҢЫЗДЫ ЖАЗА КЕТІҢІЗ!!!